

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының 2017 жылғы
«13» маусым №264 бұйрығы

"Қарағанды қаласы Әділет басқармасы" ММ
З А Н Д Ы Т Ұ Л Ғ А Ғ А
М Е М Л Е К Е Т Т І К Т І Р К Е У
2014 ж. «03» 11 жүргізілді
№ 6728-1930-01-РММ куәлік
БСН 141140001329

"Қарағанды қаласы Әділет басқармасы" ММ
2014 ж. «11» 07
Ө З Г Е Р Т У Л Е Р М Е Н
Т О Л Ы Қ Т Ы Р У Л А Р Е Н Г І З І Л Д І
Бұйрық № 3-4/1860-01 Қазақстан

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) кеден ісі саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау, салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін, міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуді, ұстауды, аударуды, әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісін, айналымын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу, оналту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеу және бақылау (банкерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасында Еуразиялық экономикалық одағының кеден шекарасы арқылы өткізумен, оларды Еуразиялық экономикалық одағының бірінғай кедендік аумағында кедендік бақылауда тасымалдаумен, уақытша сақтаумен, кедендік декларациялаумен, кедендік рәсімдерге сәйкес шығарумен және пайдаланумен, кедендік бақылау жүргізумен байланысты қатынастарды, кеден органдары мен көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын іске асыратын тұлғалар арасындағы билік қатынастарын кедендік реттеуді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің,

Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болып шығуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Штат санының құрылымы мен лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: пошта индексі 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Чкалов көшесі, 3.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Егер Департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Департаменттің міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Департаменттің міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;

2) экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды анықтау және тергеу, сондай-ақ «көлеңкелі» экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру;

3) салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық, кеден саясатын іске асыру;

5) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

6) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін, адам өмірі мен денсаулығын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттердің валюталарын, бағалы қағаздарды және (немесе) валюталық құндылықтарды, жол чектерін Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізуге бақылауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

7) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасының, Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

8) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты кедендік-тарифтік реттеу, тыйым салу мен шектеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

9) кедендік реттеу саласында тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету және Еуразиялық экономикалық одағының кеден шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдету үшін жағдай жасау;

10) Еуразиялық экономикалық одағының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізу кезінде зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету;

11) кедендік операциялар жасау және өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде кедендік бақылау жүргізу;

12) тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру;

13) трансферттік баға қолдану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) этил спирті мен алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

15) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеудің және төлеудің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

17) оңалту рәсімінің және банкроттық рәсімнің жүргізілуіне мемлекеттік бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда);

18) зертханалық сараптаманы қоспағанда, Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы автомобильдік өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізу;

19) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде ветеринарлық-санитарлық бақылау және өсімдіктер карантині бойынша бақылау органдарының қызметтерін үйлестіру;

20) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде көліктік және санитарлық-карантиндік бақылау жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

15. Департаменттің функциялары:

1) салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ арнайы демпингке қарсы және өтемдік баждардың толық және уақтылы түсуін көздейтін заңнаманың сақталуын бақылау;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

3) өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл жасау;

4) Департамент құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

5) Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасының, Қазақстан Республикасының салық, кеден және өзге де заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша орталық және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;

6) Департамент құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

7) салықтық және кедендік әкімшілендіруді жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды және Еуразиялық экономикалық одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік бақылауды (оның ішінде тауарларды шығарғаннан кейін) жүзеге асыру;

9) салықтық және кедендік әкімшілендіру бизнес-процестерін жаңғыртуға және реинжинирингтеуге қатысу;

10) келіп түсетін кеден ісі саласындағы сұрау салулар мен ұсыныстардан туындайтын жауаптарды уақтылы қарау және беру немесе өзге де іс-қимылдарды қамтамасыз ету;

11) кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз ету бойынша кепілгерлік шарт қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

12) «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету;

13) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

14) ақпараттық жүйелерді, байланыс және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғау құралдарын пайдалану;

15) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;

16) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіпте салықтық тексерулерді, Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одағының кеден заңнамасында көзделген тәртіпте кедендік тексерулерді, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасында көзделген тәртіпте трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тексерулерді жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жоспардан тыс салықтық тексерулерді жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте салықтардың, кеден баждарының, кеден алымдарының, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық (қате) төленген немесе артық өндіріліп алынған сомаларын қайтаруды (есепке жатқызуды) жүзеге асыру Қазақстан;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жатағын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;

21) салық төлеушілердің (салық агентінің, оператордың), декларанттың және кеден саласында қызметін жүзеге асыратын өзге де адамдардың салықтық,

кедендік тексеру нәтижелері туралы хабарламаға, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарау;

22) салық берешегін, кеден төлемдері, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

23) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

24) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіпте заңды күшіне енген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды қайта қарау;

25) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді (активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) айқындау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту мәселелерін қарау;

27) салық міндеттемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;

28) нормативтік құқықтық актілерде белгіленген құзыреті шегінде салықтық және салықтық емес түсімдерді бақылау және талдау (мемлекеттік кәсіпорындар пайдасының үлесінен, мемлекеттік меншік болып табылатын акциялардың пакеттеріне дивидендтерден, «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін жалгерлік төлемнен, республикалық мемлекеттік мүлікті жалға беруден және сатудан, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдерден, капиталмен жасалған операциялардан алынатын түсімдерден басқа);

29) мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жатағын) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

30) алкоголь өнімін сақтауға, көтерме және бөлшек саудада өткізуге лицензия беру;

31) этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ биоотынның айналымын бақылауды жүзеге асыру бойынша жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау

32) этил спиртінің, алкоголь айналымы саласында есепке алуды, есептілікті жүргізу;

33) темекі айналымы саласында есепке алуды, есептілікті жүргізу;

34) этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымы саласында, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымы саласындағы бұзушылықтарға мемлекеттік бақылау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ықпал ету шараларын қабылдау;

35) этил спиртінің алкоголь өнімін өндірушілерге, фармацевтикалық кәсіпорындар мен мемлекеттік медициналық мекемелерге сатылуын, сондай-ақ этил спиртіні техникалық мақсатта және алкогольді емес өнімдерді өндіру үшін пайдаланатын ұйымдарға бақылау;

36) этил спирті мен алкоголь өнімінің белгіленген ең төменгі өндіру көлемін бақылау;

37) өз құзыреті шегінде субъектілердің этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның өндірісі мен айналымы саласында қолданылатын технологиялық үрдістің, сақтаудың және сатудың, техникалық регламенттер мен стандарттардың нормаларын, қағидаларын және нұсқаулықтарын сақтауын бақылау;

38) өз құзыреті шегінде субъектілердің этил спиртінің, алкоголь өнімінің және темекі өнімдерінің, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның өндірісі мен айналымы саласында қолданылатын технологиялық үрдістің, сақтаудың және сатудың, техникалық регламенттер мен стандарттардың нормаларын, қағидаларын және нұсқаулықтарын сақтауын бақылау;

39) этил спирті мен алкоголь өнімінің, мұнай өнімдерінің айналымын ілеспе жүккүжаттары және этил спирті мен алкоголь өнімінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің айналымы бойынша декларация арқылы бақылауды жүзеге асыру;

40) этил спиртінің, алкоголь өнімінің, темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымын, сондай-ақ мұнай өнімдерінің және биоотынның айналымын бақылауды жүзеге асыру бойынша жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

41) темекі бұйымдарын айналымы көлемдерінің теңгерімін бақылауды, есепке алу мен талдауды жүргізу;

42) этил спирті мен алкоголь өнімдерін айналымын бақылауды жүзеге асыру;

43) мұнай және биоотынның айналымын бақылауды жүзеге асыру;

44) алкоголь өнімдері мен темекі өнімдерін сату кезінде ең төменгі бағалардың сақталуын бақылау;

45) мемлекеттік кірістер органының карамағына жатқызылған мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл және өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

46) оңалту рәсімін және банкроттық рәсімді жүргізуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

47) жалған және қасақана банкроттық белгілерін анықтау;

48) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес мән-жайларда жасалған мәмілелерді анықтау жөнінде шаралар қабылдау;

49) санкцияға қатысушыдан растайтын құжаттарды сұратуды жүзеге асыру;

50) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуына келісу;

51) уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың әрекеттеріне жасалған шағымдарды карау;

52) мемлекеттік органдардан, заңды тұлғалардан және олардың лауазымды адамдарынан төлемге қабілетсіз және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпараттың сұратылуын және алуын жүзеге асыру;

53) уақытша және банкроттықты басқарушыларға банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі бар тұлғаның банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсыну;

54) сотқа уақытша басқарушының, уақытша әкімшінің тіркеуден шығарылғаны туралы, сондай-ақ кредиторлар жиналысына оңалту не банкроттық басқарушының тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама жіберу;

55) Департаменттің өкілеттіктеріне жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

56) тауарлар мен көлік құралдарының Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілуіне Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тәртіпте кедендік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

57) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

58) кредиторлар жиналысы ұсынған кандидатураны оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы етіп тағайындау;

59) табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған, оларға қатысты «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында осындай тәртіп көзделген

ұйымдардың банкроттығы кезінде ерекше шарттар белгілеу бойынша ұсыныстарды және мүліктік массаны өткізу тәртібін және мүліктік масса объектілерін сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды еңгізу;

60) оңалтушы басқарушының оңалту рәсімінің жүзеге асырылу барысы туралы, уақытша басқарушының борышкердің қаржылық жай-күйі туралы мәліметтерді жинаудың және банкроттық рәсімнің жүзеге асырылу барысы туралы, банкроттық басқарушының банкроттық рәсімнің жүргізілу барысы туралы ағымдағы ақпараттарыш қарау;

61) уақытша басқарушының борышкерді банкрот деп тану туралы өтініште көрсетілген мекенжай бойынша борышкердің жоқ екені және оның есебінен банкроттық рәсімді жүзеге асыруға болатын мүліктің (активтердің) жоқ екені туралы қорытындысын ескере отырып, жоқ борышкерді банкрот деп тануды және банкроттық рәсім қозғамай оны таратуды келісу;

62) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайда банкроттың мүлкін уақытша басқарушының сатуына келісу;

63) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын бұзушылықтар анықталған жағдайда уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;

64) өз құзыреті шегінде оңалту және банкроттық рәсімдердің жүргізілуі, өткізілуі және тоқтатылуы бойынша түсіндірулер мен түсініктемелер беру;

65) сотқа уақытша басқарушының, уақытша әкімшінің тіркеуден шығарылғаны туралы, сондай-ақ кредиторлар жиналысына оңалту не банкроттық басқарушының тіркеуден шығарылғаны туралы хабарлама жіберу;

66) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны шеттету;

67) кредиторлар талабының тізілімін интернет-ресурсқа орналастыру;

68) «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес интернет-ресурсқа орналасытру:

кредиторлар жиналысын өткізу туралы хабарлама;

банкроттық туралы іс қозғау және кредиторлар талабының мәлімдеуі тәртібін жариялау;

борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы жариялау;

оңалту рәсімін қолдану және кредиторлардың талаптарды мәлімдеуі тәртібі туралы жариялау;

69) сот шешімі бойынша:

«Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда кредиторлардың алғашқы жиналысын;

«Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 118-бабында белгіленген тәртіпте банкроттық рәсімін қозғамай банкротты тарату жүргізу;

70) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

71) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға, оның ішінде акпараттық технологияларды пайдаланумен кедендік декларациялауды және кедендік тазартуды жүзеге асыру;

72) қолма-қол ақша қаражаты мен ақша аспаптарына кедендік декларациялауды жүзеге асыру;

73) жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін тауарлар мен көлік құралдарын Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібін ұйымдастыру;

74) халықаралық почта жөнелтілімдерімен жеке пайдалануы үшін жіберілетін тауарларды өткізу тәртібін ұйымдастыру;

75) шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының тауарларын Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібін ұйымдастыру;

76) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға бақылауды жүзеге асыру;

77) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына қатысты мәселелер және мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне кіретін өзге мәселелер бойынша, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы уақтылы хабардар етуді және кеңес беруді тұрақты негізде қамтамасыз ету;

78) Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес шартты шығарылған тауарларға кедендік бақылауды жүзеге асыру;

79) өз құзыреті шегінде кедендік-тарифтік реттеу шараларының, Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету;

80) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қорғауын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

81) өз құзыреті шегінде Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасын қорғауды және кедендік бақылау аймағы режимін сақтауды қамтамасыз ету;

82) тауарлардың шығарылған елін айқындаудың дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру;

83) тарифтік преференциялар берудің дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру;

84) Еуразиялық экономикалық одағының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың сыныптауына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) бақылауды жүзеге асыру;

85) тауарлардың кедендік құнының дұрыс айқындалуына бақылауды жүзеге асыру;

86) Еуразиялық экономикалық одағы тауарларының мәртебесіне ие болмайтын тауарлар орналастырылған кезде кедендік рәсімдер шарттарының сақталуына кедендік бақылауды жүзеге асыру;

87) тауарлар шығарылған ел туралы алдын ала шешім, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарларды сыныптауы мен Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өзге де шешім қабылдау;

88) Еуразиялық экономикалық одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған, олардың негізінде кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден босату берілетін құжаттарды қарау;

89) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумаққа әкелуді немесе әкетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәдени құндылықтарды, қолма-қол валютаны, қаржы мониторингіне жататын, ұсынушыға арналған құжаттандырылған бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету жөнінде ақпарат жинауды жүзеге асыру;

90) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды жасауға дайындалу және жасағаны туралы статистикалық және жедел ақпаратты жинауды, жинақтауды және талдауды жүзеге асыру;

91) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген тәртіпте экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді (оңайлатылған сотқа дейінгі іс жүргізу), алдын ала тергеуді, тергеуді жүзеге асыру;

92) жедел-іздістіру қызметін Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

93) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кеден ісі саласында құқық бұзушылық, қылмыс жасаған немесе құқық бұзушылық, қылмыс жасады деп күдік келтірілген тұлғаларды ұстау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер және өзге де органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

94) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты қорғау және ақпараттық қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптардың сақталуды жүзеге асыру;

95) құзыреті шегінде қылмыстық істер бойынша адамдарды, соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай қойылған талап-арыздар бойынша

жауапкерлердің жүрген жері белгісіз болған кезде оларды іздестіруді жүзеге асыру;

96) экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес саласында мемлекеттік кірістер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

97) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген тәртіпте сотқа дейінгі өндірісті (онайлатылған сотқа дейінгі өндіріс), контрабандамен, кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтарумен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асыру;

98) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Департаменттің құқықтары мен міндеттері.

Құқықтар:

1) салықтық және кедендік бақылауды, оның ішінде салықтық және кедендік тексеруді өткізу жолымен жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес Департаменттің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды, сондай-ақ өзге де мәліметтерді сұрату және алу;

3) салықтық және кедендік бақылауды жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте түрлі білім салаларының мамандарын тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіні (салық агентін), декларантты және тұлғаны банкрот деп тану туралы, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар салық төлеуші (салық агенті) акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлеп шығару туралы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша заңды тұлғаны тарату туралы соттарға талап-арыз беру;

5) меншік нысанына қарамай ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды тұлғалардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан құжаттарды, оның ішінде коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді, ақпаратты талап етуге, тауарларды көрсетуді, түгендеу мен тексеруді талап етуге, сондай-ақ аталған тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Комитеттің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өзге де әрекеттерді жасауды талап ету;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өзара ақпарат алмасуды, оның ішінде электрондық тәсілмен қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

7) салық заңнамасының және Еуразиялық экономикалық одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының мәселелері бойынша когамның салық және кеден мәдениетін және хабардарлығын арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

8) Департамент қызметкерлеріне даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

9) салық заңнамасының және Еуразиялық экономикалық одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

10) салық салу және кеден ісі саласында халықаралық шарттар жасасу және оған қосылу бойынша ұсыныстар енгізу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте салық салумен байланысты объектілерді және (немесе) салық салу объектілерін жанама әдіспен анықтау;

12) оналту рәсімдерін және банкроттық рәсімдерді жүргізуде әкімшілердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауына тексеру жүргізу;

13) әкімшілердің оналту рәсімдерін және банкроттық рәсімдерді жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауына тексеру өткізуге басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тарту;

14) әкімшінің қызметіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы, сондай-ақ осы бұзушылықтар үшін босатылған бұның алдындағы әкімшінің қызметіне тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберу;

15) әкімшінің қызметіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалғаны туралы есеп берілуін талап ету;

16) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеу мәселелері бойынша басқа мемлекеттердің және Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан консультанттар мен сарапшыларды, басқа да мемлекеттік органдардың мамандарын тарту;

17) этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісі және айналымы, сондай-ақ мұнай өнімдерінің жеке түрлерінің және биоотынның айналымы саласында қызмет ететін субъектілердің технологиялық үрдістердің, техникалық регламенттер мен стандарттарын сақтау және іске асырудың нормаларын, ережелерін және нұсқауларын сақтауын тексеру;

18) этил спирті өндірісінің технологиялық желісін және алкоголь өнімдерінің құйылу желісін тиісті спирт олшеуші аппараттармен және есепті бақылау құралдарымен жабдықталуына және олардың жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыру;

19) Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағынан мемлекеттік кірістер органдарының рұқсатынсыз шығып кеткен көлік құралдарын тоқтату, сондай-ақ су және әуе кемелерін мәжбүрлеп қайтару;

20) өз құзыреті шегінде темекі өнімдерінің өндірісі мен айналымына мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер беру туралы темекі өнімдерін өндірушілерге сұрау салу жіберу;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктен алуды жүзеге асыру;

22) көшпелі кедендік тексерулер жүргізу кезінде алып қою актісін жасай отырып, тексерілетін тұлғадан құжаттарды не олардың көшірмелерін алып қою;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте көшпелі кедендік тексеру жүргізілетін тауарларды иеліктен айыруға не өзге тәсілмен билік стуге бағытталған іс-әрекеттердің жолын кесу үшін көшпелі кедендік тексеру жүргізу мерзіміне тауарларға тыйым салу немесе оларды алып қою;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тауарлар орналасқан үй-жайларға сүргі салу;

25) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттерге кеден ісі мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының ресми өкілдерін жіберу;

